

КЕЛІСІЛДІ

Директордың оқу жұмысы
жөніндегі орынбасары

Жура А.Б.Муратова
«30» 06 2026 ж.

Бекітемін

Жүсіпбек Елебеков атындағы
республикалық эстрада-цирк
колледж директоры
Ж.Сейдуллаұлы
«30» 06 2026 ж.



Жүсіпбек Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжінің
педагогикалық кеңесінің отырысында қаралды және мақұлданды

№4 хаттама

«30» маусым 2026 ж.

2026-2027 оқу жылына шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде
02150500 «Актерлік өнер» мамандығы, 4S02150501 «Драма театрының
әртісі» (9 сынып базасында), 4S02150505 «Эстрада жанрының әртісі» (11
сынып базасында) мамандықтары бойынша емтиханды бағалау
критерийлері

ӨЗІРЛЕНДІ

«Актерлік өнер» ПЦК

Хаттама № 12

«19» 06 2026 ж.

Баға	Бағалау деңгейі	Критерийлері
«5»	Өте жақсы	- Сахналық сөйлеу (дикция, дауыс, тыныс, анық айту); - Орындаушылық шеберлік (образға ену, эмоция, шынайылық); - Сахналық қозғалыс және пластика; - Музыкалық қабілеті (есту, ырғақ, ән айту); - Импровизация және шығармашылық ойлау; - Коммуникация және серіктеспен жұмыс; - Жалпы мәдениеті, сахналық тәртібі, сыртқы келбеті; - Өте жоғары дайындық; - Табиғи актерлік қабілеті айқын; - Сахнада еркін; - Эмоциясы сенімді әрі шынайы
«4»	Жақсы	- Жақсы деңгей; - Қабілеті бар; - Кейбір техникалық кемшіліктер болғанымен, шығармашылық әлеуеті жоғары.
«3»	Қанағаттанарлық	- Орташа деңгей; - Негізгі қабілеттер байқалады; - Қосымша дайындық қажет.
«2»	Қанағаттанарлықсыз	- Дайындығы жеткіліксіз; - Сахналық еркіндік, сөйлеу мәдениеті және орындаушылық қабілеті әлсіз.

Талапкерге қойылатын негізгі талаптар

1. Қазақ немесе әлем әдебиетінен 2 прозалық шығармадан үзінді (бірі лирикалық, бірі драмалық сипатта);
2. 2 өлең (мінезі мен жанры әртүрлі);
3. 2 мысал;
4. 2 ән (минуспен немесе акапелла орындауға болады);
5. 1 жануар, 1 адами немесе затқа жан беру, тірілтіп оқиға құрау этюды;
6. Қарапайым би немесе ырғақтық қимыл көрсетуге дайын болуы тиіс;
7. Комиссия ұсынған импровизациялық тапсырмаларды орындауы қажет.

Комиссия назар аударатын қасиеттер

1. Табиғилық;
2. Қиял мен елестету қабілеті;
3. Эмоциялық әсерлілігі;
4. Сахналық темперамент;
5. Сергектік және реакция жылдамдығы;
6. Тыңдай білу қабілеті;
7. Дене еркіндігі;

8. Дауыс мүмкіндігі;
9. Ырғақ сезімі;
10. Өртістік тартымдылығы

Қосымша тапсырмалар

Қабылдау комиссиясы талапкерге төмендегідей тапсырмалар бере алады:

- Берілген жағдай бойынша 1–2 минуттық импровизация;
- Белгілі бір жануардың немесе адамның мінезін пластика арқылы көрсету;
- Серіктеспен шағын этюд орындау;
- Қарапайым сахналық әрекетті ақтау (затпен жұмыс);
- Ырғақ пен координацияға арналған жаттығулар;
- Сөйлеу техникасына арналған қысқа мәтінді оқу.

Бұл критерийлер талапкердің тек жаттаған материалын ғана емес, оның актерлік табиғатын, шығармашылық әлеуетін және сахнада кәсіби тұрғыда дамуға бейімділігін жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді.

«Актерлік өнер» ПЦК төрағасы



М.О. Утебаева